



БУЫРҚАНҒАН БОЯУЛАР

Керімсал

Алматыдағы Мемлекеттік Орталық музейде Қаңтарбаевтар әулетінің «Шежірелі нақыштар» атты көрмесі ашылды.

Сапарбай ПАРМАНҚҰЛ, «Egemen Qazaqstan»

Көрме ашылар алдында Мақсат екеуіміз ғимараттың үшінші қабатын еркін араладық. Суретші жігіт әкесінің балаларын қылқаламға жақын болуға кішкентай күндерінен талпындырғанын ерекше ықыласпен еске алды.

жүрген Бауыржанның портретін ала барады. Әр майдангер мақтанш көретін сыйлы ағасының мүйізден ойған бейнесін сыйлауға оқталған сәтте бір келіншек батыр жазушыға гүл сыйлайды.

Мен де адаммын жаралған сүйек еттен, Менде де ой бар, пікір бар жан тербеткен, Халқымның қарапайым бір ұлымын, Жанымды арым үшін құрбан еткен.

Суретші батыр ағасының өлең жолдарын қастерлеп, күміс таңбалармен жаздырып, Бауыржан Момышұлының мүйізден әспеттеген ескерткішінің астына жарасымды етіп таңбалатып қойды.



жұмыс істеді, матаны батик арқылы бояу, әрлеумен шұғылданды. Бұл сөзімізге дәлел бола алатын «Қазақ арулары», «Сәукелелі арулар» шырайлы шығармалары дер едік.

Мақсат Қаңтарбаев еңбек жолын Көгершін ауылында көркемөнер мектебінде сурет пәнінен мұғалім болып бастады. Ол пейзаж жанрында еңбектенеді. Акварель, майлы бояумен сурет салады, ағаш оюмен де айналысады.

сансыз бояулар ол кескіндеген Үшкөңір тауының көрінісі, Түрген шатқалы, Шарынның гажайып алқызыл өңірі болып көз алдында құлдырады. «Алатау» болып, «Хан тәңірі» секілді асқақтайды.

АЛМАТЫ

УНИВЕРСИАДА-2019

Қоржынға ҚОС КҮМІС ТҮСТІ

Ресейдің Красноярск қаласында өтіп жатқан қысқы Универсиада ойындарында Қазақстан құрамасының қоржыны екі күміс медальмен толықты.

Элизабет Тұрсынбаева бірінші жарыс күні қысқа бағдарламадан кейін 67,57 ұпай еншілеп, көш басындағы жапониялық Маи Михарадан (75,92) 8,35 ұпай қалып қойды.

Шаңғы жарысынан ерлер арасында өткен эстафета жарысында Қазақстан құрамасы күміс медаль иеленді. 7,5 шақырымға созылған бәсекені жерлестеріміз 1:16:48,8 көрсеткішімен жүріп өтті.

ШАХМАТ

Сенсациялық жеңістің пайдасы болмады

Астанада өтіп жатқан шахматтан командалық әлем чемпионатының бесінші тур ойындары аяқталды. Қазақстанның ерлер құрамасы Ресей шахматшыларынан жеңілсе, қыздар құрамасы Украина спортшыларымен тең түсті.

Ерлер арасындағы бәсекеде көрермендер чемпионаттағы алғашқы сенсацияның куәсі болды. Жерлесіміз Ринат Жұмбаев Ресей шахматының жұлдызы, 2016 жылғы әлем чемпионатының вице-чемпионы Сергей Карякинді жеңіп кетті.

СУ СПОРТЫ

Бір күнде 11 медаль жеңіп алды

Словенияда жүзден әлем чемпионаты мен Олимпия ойындарына іріктеу турнирі басталды. Бірінші жарыс күнінде қазақстандық спортшылар 11 медаль жеңіп алды, деп хабарлады Ұлттық Олимпиада комитетінің баспасөз қызметі.

Дмитрий Баландин 50 және 200 метрге брасс әдісімен жүзден чемпион атанды. Сондай-ақ еркін әдіспен 50 метрге жүзген Александр Варакин де тұғыр биігінен көрінді.

Аделанда Пчелинцева 50 метрге брасс әдісімен жүзде жеңімпаз атанса, Әділбек Мусин 100 метрге баттерфляй әдісімен жүзден екінші орын иеленді. Диана Назарова 100 метрге шалқалап жүзден алтын медаль жеңіп алса, Алина Костенко 100 метрге баттерфляй әдісімен жүзден қола жүлдегер атанды.

Дайындаған Әлі БИТӨРЕ, «Egemen Qazaqstan»

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Батыл студент балдырғандарды өрттен құтқарды

Бұл – 6 наурызда Талдықорған қаласында болған оқиға еді. Әдеттегідей университеттегі сабағына асыққан студент Арман Бақытбайұлы жол бойындағы үйдің екінші қабатынан көмек сұраған балалардың айғайын естиді.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ, «Egemen Qazaqstan»

Балконнан жылаған қыздың даусын естіп жүгіріп келсем, терезеден түтін шығып жатыр екен. Жедел 101 қызметіне телефон соқтым, ар жақтан көмек жолға шыққанын айтты. Содан 2-қабатқа келіп есікті тартып ем, іштен жабылыпты. Қайта сыртқа шығып, газ құбыры арқылы жоғары өрмеледім.

үлкен қызды да құтқардым, – дейді батыл жүректі Арман.

Оқиға орнына келген төтенше жағдай қызметкерлері тұтанған өртті сөндіріп, балаларға дәрігерлік көмек көрсетті. Оқиға кезінде балалар пәтерде оңаша болған екен. Осылайша қағылз студент 2 баланың өмірін сақтап қалды.

оқиды екен. Анасынан ерте айырылған ол қазір зейнеткер әкесіне қолғанат әрі қарындасын мәпелеп өсіріп отыр.

– Университет ұжымы, жастар Арман үшін сүйсіндік.

жағдайға қанық болған оқу орнының басшысы студенттің алдағы 4 жыл бойына төлейтін ақысын өз еңбекақысынан төлеп тұруға шешім қабылдағанын айтты.



Студентімізге алғаш айтып, құрмет көрсеттік. Өзі ақылы бөлімде оқиды. Отбасындағы бас көтерер азамат екен. Арман оқуын алаңсыз жалғастырып деп ақысын төлеуді өз мойныма алдым, – деді Лияз Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Қуат Баймырзаев.

Арманның адамгершілікке толы ісінен хабардар болған облыс әкімі Амандық Баталов та студентті қабылдап, алғыс білдірді. Жігіттің жағдайын сұраған ол келер жылдан бастап Арманды облыс әкімінің грантымен оқитын студенттердің тізіміне қосатынын айтты.

Алматы облысы

ӨНЕР

Әулиеатадан басталған би сапары

Әлемдік және ұлттық би өнерін халыққа кеңінен насихаттау мақсатында Тараз қаласындағы «Баласағұн» орталық концерт залында Қазақ ұлттық хореография академиясының концерті өтті.

Хамит ЕСАМАН, «Egemen Qazaqstan»

Би өнерінің мамандарын дайындайтын жоғары оқу орны алғаш рет «Самғау» гастрольдік сапарымен Қазақстанның оңтүстік аймақтарын аралауға шыққан. Жастар жылының аясында ұйымдастырылған концертте әулиеаталық әлеумет жас өнерпаздардың өнерін тамашалады.

Қазақ ұлттық хореография академиясы Орталық Азиядағы толық циклды, көп деңгейлі кәсіптік хореографиялық білім беретін бірінші жоғары оқу орны болғандықтан, бұл кеште әрбір өнерпаздың би әлеміндегі өзіндік өрнегі сезіліп тұрды.

Концерт барысында Қазақ ұлттық хореография академиясының үздік қойылымдары да ұсынылды.



Классикалық, ұлттық үлгідегі шетелдік және отандық хореографтардың жұмысын аталған академияның бастауыш және жоғары сынып оқушылары орындап, көпшілік көрерменнің көзайымына айналды.

«100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы атанған академияның аға оқытушысы Анвара Садықованың авторлық биі де болды.

Жамбыл облысы

EGEMEN QAZAQSTAN

Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ: «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

- Басқарма төрағасы Дархан ҚЫДЫРҒАЛИ
Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор Айбын ШАҒАЛАҚ
Басқарма төрағасының орынбасары Ерболат ҚАМЕН

Саясат және құқық бөлімі Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі Амангелді ҚҰРМЕТ

Мәдениет және руханият бөлімі Талғат БАТЫРХАН

Әдебиет және өнер бөлімі Мирас АСАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Астана, Алматы, Ақтөбе, Талдықорған, Атырау, Көкшетау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Орал, Өскемен, Павлодар, Тараз, Шымкент, Петропавл

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 АСТАНА, «Egemen Qazaqstan» газеті» көшесі, 51/3 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

АНЫҚТАМА ҮШІН: Астанада: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87; Алматыда: 8 (727) 273-07-87; Петропавлда: 8 (727) 273-07-87; Интернет-редакция: portal@egemen.kz

Индекс: 65392. Аптасына 5 рет шығады. «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, бетпенді. Көлемі 4 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.

QR code and ISSN 1999-9720 information.